

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 998 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 шілдедегі N 755 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 513 Қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.14. N 513 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Байланыс саласындағы қызметті лицензиялаудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 қыркүйектегі N 998 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 35, 468-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Байланыс саласындағы қызметті лицензиялау кезіндегі біліктілік және қосымша (арнайы) талаптарда:

2-тармақтың екінші абзацындағы "негізгі қызмет түрлері," деген сөздерден кейін "шағын кәсіпкерлік субъектілерге тиесілілігі туралы ақпарат," деген сөздермен толықтырылсын;

2) көрсетілген қаулымен бекітілген Байланыс саласындағы кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға лицензиялар беру шарттарында:

қазақ тіліндегі мәтінінде 12-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) лицензиаттың мәртебесін жыл сайын растау тәртібін;"

12-тармақ мынадай мазмұндағы 8), 9) тармақшалармен толықтырылсын:

"8) абоненттер туралы қызметтік ақпаратты міндетті электрондық есепке алуды жүргізу туралы талапты;

9) аппараттық-бағдарламалық құралдарды алыстан қосу мүмкіндігі бар, бірыңғай файлдар нысанындағы абоненттің шығу мен кіру қосылыстары туралы қызметтік ақпаратты сақтаудың ұзақ, бір жылға дейін, бірыңғай электрондық деректер банкінің болғаны туралы талапты қамтиды.";

14-тармақтағы "лицензиарды" деген сөзден кейін "жазбаша түрде" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Байланыс саласындағы лицензиялауға жататын қызметтер тізбесінде:

2 - т а р м а қ т а :

2) тармақшаның бірінші абзацынан кейін мынадай мазмұндағы 3)

тармақшамен

толықтырылсын:

"3) байланыс саласындағы қызметпен байланысты емес, жалпы пайдаланудағы телекоммуникация желісіне қосылмаған және негізгі қызмет түрін жүзеге асыруға арналған ұтқыр телекоммуникациялық байланыс желілерін құру және пайдалану (оның ішінде жылжымалы радио/радиотелефондық, транкингтік және пейджингтік байланыс) бойынша.";

2) тармақшаның екінші абзацындағы "өндірістік мақсатта" деген сөздер "2) және 3) тармақшаларда көзделген жағдайларда" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі